

Ж.Ж. Ибраимова\*

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан  
(E-mail: flowervictory85@gmail.com)

## Қазақ прозасындағы ашаршылық тақырыбы

Мақалада ХХ ғасырдың 1920–30-шы жылдарында елімізде болған ашаршылықтың қазақ жазушыларының шығармаларында көрініс табуы туралы баяндалған. Бұл орайда Ж. Аймауытов, Б. Майлин, Н. Ахметбеков, Н. Баймұратов, Ж. Сыздықов сияқты ақын-жазушылар бірден еске түседі. Сол тұста ашаршылық жөнінде ашып айтуға қатаң тыйым салынғандықтан, осы тақырыпты шығармаларына арқау еткен қаламгерлерге «халық жауы» деген айдар тағылып, репрессияға ұшырағаны белгілі. Тек КСРО ыдырауының соңына қарай қазақ жазушыларының еңбектері шыға бастады. Бірте-бірте зұлмат жылдар шындығы қазақ халқына да жетті. Бұл мәселеге Ғ. Мүсірепов, М. Мағауин, С. Жүнісов, Қ. Жұмаділов, Ш. Мұртаза, Қ. Қазыбаев, С. Елубай, З. Жәкенов, Ж. Башар, Х. Сейткемелов, Б. Жандосай, М. Қозыбаев, С. Ләмбекұлы қалам тартқан. Осы мақалада кейбір шығармалар арқылы жазушыларымыздың қоғам өмірін, заман тынысын қалай шынайы суреттеп, сол дәуір адамдарының сан қырлы портретін жасаудағы шеберлік қырлары сипатталған. Қазақ жазушыларының шығармаларындағы ашаршылық мәселесін талдау, олардың жалпы гуманистік мағынасын түсіну — мақаланың жаңашылдығы. Өйткені ашаршылық тақырыбына қалам тербеген жазушылардың еңбектеріне әдеби-лингвистикалық тұрғыда талдау жасаған еңбектер көп емес, яғни тіл білімінде, әдебиеттану ғылымында әлі зерттеуді күтіп тұрған мәселе. Сондықтан бұл келешек ұрпақтың тілге тиек ететін тақырыбы болмақ дей отыра, автор уақыт өте келе бұл мәселе қайта ойлау мен түсіндіру әдісіне айналады деген қорытынды жасайды.

*Кілт сөздер:* аштық тақырыбы, қазақ прозасы, әйел бейнесі, қазақ даласы, тарихи апат.

### Кіріспе

Мамыр айының 31-інде Қазақстанда саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні атап өтіледі. 1997 жылы осы ұмытылмас күнді белгілеу туралы Жарлық шығып және 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне айналды. Осы ұмытылмас күннің атауындағы «ашаршылық» деген сөз кейіннен пайда болды, бірақ қазақ даласында осы ашаршылықты сол кездегі саяси акциялардың біріне жатқызуға болатынын бәріміз жақсы түсінеміз. Осы ашаршылық «голощекиндік» деп аталып жүр, қазақ тілінде ол ашаршылық деп айтылады [1]. Бұл күн — тарихты еске түсіру, сталиндік жүйенің қорқынышты кезеңдерінде құрбан болған адамдарға тағзым ету мүмкіндігі. 1930-шы жылдардағы халық трагедиясы: тәркілеу, ұжымдастыру туралы БАҚ құралдары өз алдына, тіпті көркем шығармаларда да ұзақ уақыт көрініс таба алмай жүрді. Бұған, әрине, объективті себептер болды: ұзақ уақыт бойы аштық туралы сөз қозғауға тыйым салынып келді.

Жазушы В. Михайлов материалдар жинау барысында бұл тақырыпқа қатысты, қазақтардың ең қорқынышты қасіреті туралы, халықтың 40 пайызға жуығы ашаршылықтан қаза болғаны туралы ешқандай көлемді, қомақты ақпарат таба алмағанын, тек шағын, шашыраңқы деректер мен естеліктер тапқанын айтады. Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» кітабынан басқа неге басқа шығармалар жоқ? Осы тақырыпта Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының деңгейіндегі шығарма неге жоқ деп сұрақ

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: flowervictory85@gmail.com

қойып, оған өзі былай жауап береді: «Менің ойымша, бұл қазақ жазушыларына айта-айта жауыр болған тақырып болды ма, жазуға рухани күштері қалмады ма? Мүмкін, олардың жеке қайғы-қасіреті соншалықты зор болғандықтан, ол туралы жазу да ауыр тиді ме? Қазақтың басынан өткен бұл трагедия соншалықты ауыр, ол туралы тек үлкен суретші ғана айта алатын шығар», — дейді [2].

В. Михайловтың сұрағына жауапты Мұрат Әуезов бергендей: «Смағұлдың ашаршылық туралы айтуға жаппай тыйым салу дәуірінде бар шындықты жазуға батылы жетті, өйткені бұл тақырып оның ар-ұжданын, жүрегін күйдірді. «Ақ боз үй» әдеби дерек қана емес, бұл азаматтық ерлік актісі» [3].

Негізі әдебиетті құжат деп айтуға әбден болады. Әдебиет нақты немесе ойдан шығарылған оқиғалардың көркемдік сипаттамасын ғана емес, одан да көп нәрсені қамтиды. Тарихи оқиғалар туралы деректер аз болған жағдайда, мәселен, ашаршылық тақырыбына әдебиеттің өзі куә бола алады. Көркем шығармалардың ресми құжаттардан айырмашылығы, олар жеке адамның эмоциясын, өмірлік тәжірибесін нақты жеткізе алады.

Біздің қазақ үшін ХХ ғасырдағы сұрапыл оқиғалардың арасында 1921 және 1931–1933 жылдар аумағын қамтыған ашаршылықтың алатын орны айрықша зор болды. Өмір бойы қазақтың жанына батып, адамзаттың жаһандық тарихи-әлеуметтік мәселесі болып келетін ашаршылық көркем сөз әдебиет шеберлерінің де назарларын аудармай қоймады, өзекті әдеби мәселелерінің біріне айналды.

Қазір қазақ қоғамы қолдан жасалған ашаршылықтың мақсатын жаппай кісі өлтіру деп ашық, қорықпай айтып жүр, өкінішке орай, 1931–1933 жылдардағы ашаршылықты кейбір мемлекеттер мойындауға асықпайды.

Біздің ата-бабаларымыздың неден өткенін түсіну, Қазақстанның тоқсан жыл бұрын бастан қандай күрделі оқиғаны өткергенін сезіну үшін біз ашаршылық тақырыбын сөз еткен көркем шығармаларға шолу жасап, оқырмандарға қоғам өмірін, заман тынысын шынайы суреттеу арқылы сол дәуір адамдарының сан қырлы портретін жасаудағы шеберлік қырларына көз жүгірткіміз келеді. Қазақ жазушыларының шығармаларындағы ашаршылық мәселесін талдау арқылы, олардың жалпы гуманистік көзқарасын түсінуге талпыныс жасадық. Яғни, елімізде 1921–1922, 1931–1933 жылдары болған ашаршылық көркем шығармаларда әлеуметтік-тарихи проблема ретінде ғана емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік, моральдық-этикалық мәселе ретінде қарастырылатынын жеткізгіміз келеді.

#### *Зерттеудің деректері мен әдістері*

«... егемендігіміз еңсесін көтергенше, бізде бұл тақырыпта туынды тудырып, оны баспа жүзінен шығара қою аса қиынға түсті. Бұл ретте біздің ойымызға алдымен Бейімбет Майлиннің 1921 жылғы ашаршылық туралы жазылған «Берен», «Қырманда» атты повестері, «Күлпәш», «Ашаршылық құрбаны», «Айт күндері» деген әңгімелері, Нұрхан Ахметбеков пен Нұрлыбек Баймұратовтың поэмалары оралады. Сол сияқты Жүсіпбек Аймауытовтың «Елес» деп аталатын әңгімесі болды. Ал Жақан Сыздықовтың 1927 жылы жазылған «Әлі қарттың әңгімелері» дейтін поэмасы 1940 жылы кітап болып шыққан бойында өртелді. Содан бастап бұл тақырыпта жазуға тыйым салынды. Сондықтан сол бір зобалаң жылдар туралы сөз бола қалғанда, оны «асыра сілтеу кезеңі» деуден арыға бара алмадық. Дегенмен қаламгерлеріміз бұл тақырыпты «жаңбыр-жаңбырдың арасымен» қозғап тұруды да ұмыта қойған жоқ. Ал бұл тақырыпты жазба жүзінде аянбай ашық көрсете алатын нағыз ақжарылқап кезең республика тәуелсіздікке қол жеткізіп, дербес мемлекет атанған мезгілден бастап қана туды», — дейді Е. Сағындықұлы [4]. Ашаршылық тақырыбына жазушыларымыз қалам тербеп, көптеген құнды шығармаларды ұрпаққа аманат етті. Атап айтсақ, Б. Қыдырбекұлы «Алатау», А. Мекебаев «Күпия қойма», Ш. Мұртаза «Қызыл жебе» («Тамұқ», «Қыл көпір» бөлімдері), Қ. Қазыбаев «Сұрапыл», С. Елубай «Ақ боз үй», З. Жәкенов «Зұлмат», С. Жүнісов «Заманай мен Аманай», Қ. Жұмаділов «Аранға түскен аққулар», М. Мағауин «Сары қазақ», «Бір уыс бидай», Н. Ақыш «Рақымсыз көктем», Т. Сәукетаев «Күзғын тойған қыс», Н. Қапалбекұлы «Жерошақтың түтіні», Х. Сейткемелов «Шұбырынды қанды босқын», Б. Жандосай «Шошқаның құмы», М. Қозыбаев «Ақтаңдақтар ақиқаты», С. Ләмбекұлы «Арыстар», Ж. Башар «Қабір үстіндегі зұлмат», Қ. Еспенбетов «Күреңбел қасірет», А. Есілбай «Асылдың сынығы». Тіпті осы қарапайым көркем проза тізімі ашаршылық кезіндегі жалпы гуманистік-рухани өзгерістерге құжаттық дәлел бола алады.

Публицистикалық тұрғыда Е. Сағындықұлының «Жұртымыздың жартысын жалмаған» [4], М. Қалдыбай «Голощекин қалай орнынан алынды?» атты мақалары және тағы басқа ізденушілердің мақалалары да баршылық [5; 66–69].

Мақаламызда Б. Майлин, М. Мағауин, С. Елубай, Ж. Башар, Б. Қыдырбекұлы, Б. Жандосай сияқты қазақ жазушыларының ашаршылыққа байланысты жазған шығармалары пайдаланылды. Мақаланы жазу барысында негізінен филология ғылымында басшылыққа алынатын мәтінді іріктеп-бағытталған талдау, әртүрлі жазушылардың шығармаларын жинақтау, салыстыру, қорытындылау әдістері алынды.

#### *Нәтижелер мен олардың талқылануы*

Мақалада алдымен көркем шығармада бейнеленген ашаршылық жылдарындағы әйел образына көз жүгіртпекпіз. Көркем әдебиет әрқашан кейіпкерлердің идеялары мен бейнелерінің тереңдігімен ерекшеленеді. Ғасырдан ғасырға ұрпақтың көзқарасы мен тәрбиесіне, сондай-ақ автордың ниетіне, оның идеясына байланысты әйел бейнесін сомдау да өзгеріп отырған. Авторлар әрдайым кейіпкерлер мен оқырмандарға маңызды сұрақтар қойып, оларды шешу жолдарын іздеуге, оларға жауап беруге және қоршаған шындықты нақты сипаттауға тырысты. Жазушылар зұлмат жылдарындағы әйелдің қасиетін, мінезін, дүниетанымын мүмкіндігінше шынайы бейнелеуге тырысқан. Негізінен жиырмасыншы ғасыр әдебиетінде әйел бейнесі үйлесімді және шыншыл кейіпте көрсетілген.

Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, реалист жазушы Бейімбет Майлин өзінің «Күлпәш» (1922 ж.) деген әңгімесінде ашаршылық кезінде санасы өзгерген, аштықтан психикалық және дене азабы, мінез-құлқы мен іс-әрекеттері өзгерген әйелдердің қайғылы өмірін суреттейді. *«Үстінде, өрім-өрім болған соң әр жерінен бір түйіп қойған ескі көйлек, оның сыртында тозығы жетіп тулаққа айналған қысқа ескі тон, басында селдіреген көне бөкебайдың жұрнағы. Бет-аузы көнекттей ісік; тоңып бүрісіп, үйдің бұрышындағы пешке арқасын сүйеп мұңайып, терең ойға шомған адамша Күлпәш отыр.*

*...Аштықтан басқа Күлпәштің мазасын алатын тағы бір ой бар еді... Күлпәштің бірге туған сіңлісі Раушан келіп Күлпәшті азғырған: — Осы жаманмен біраз күн өмір өткіздің зой. Ендігі қалған өміріңді қорлыққа салма... жыл болса ауыр, осы бастан азбас, тозбас қамыңды ойла... — деген.*

*...Арадан екі-үш ай өткен соң аштық шеңселін қаттырақ салды. Тұрмыс түрі қиындыққа айналған соң, әсіресе, баласының тамақ сұрап жылағанына жаны төзбеген соң, кейбір кейіптік тартқан уақыттарда Күлпәштің ойына Раушанның сөзі түсетін болды. Бірақ, ол сөздің өзіне пайдалы, я зиянды екенін бұл уақытқа шейін айырып білген емес. Әйткенмен соны ойлайды, неге ойлайтынын өзі де білмейді...*

*...Жүрегінде таласып тұрған екі ой бар: «Жұмағазыға тисем, тамағым тоқ, көйлегім көк болар еді... Қалижанды да ашықтырмауға болар еді...» деп ойлайды; «Жастан қосылған қосағым еді. Оны жылатып тастағанда не оңам!..» деп те ойлайды. Екі ойдың бірі жеңіп шыға алмай, өзі қатып отырған Күлпәштің басын одан жаман қатырады...*

*... Жұмағазыға тигеніне жиырма күндей болған. Аштықтың қанды тырнағы Күлпәшті бұған да көндірген. Бірақ аштықтан құтылған екем деп қабағы ашылған Күлпәш жоқ... Дүниедегі ең жақсы көретіні байы мен баласын ренжітіп, өзінің бас сауға қылып кеткенін Күлпәш енді ар көре бастады. «Өлсем солармен бірге өлсем болмайтын ба еді?!» деген ой кірді. Бір жағынан Мақтым жайын ойлайды. Ала дорбаны мойнына іліп алып таңмен тамақ іздеп кетсе, тапсын-таппасын кешке бір оралып соқпай қоймайды. Сондағы азаптанып жүргені қатын-баланың қамы, соларды аштан өлтірмеудің жабдығы, сөйтіп жүрген адамның кәдірін білмей тастап кететін не жәні бар еді?!» [6; 79].*

Осы үзіндіден аштықтың қамытын мойнына ілген Күлпәштің ойынан біз қазақ халқына, қазақ әйеліне қандай ауыртпалық түскенін айдан анық көріп тұрмыз. Тіпті кейіпкердің үстіндегі жұпыны киімінен, басындағы баспанасынан кедейліктің лебі есіп, Күлпәш пен оның отбасы жағдайының адам төзгісіз ауыр жағдайы көрініс береді. Автордың осылай суреттеуі шарасыз, қолынан келер дәрмені жоқ Күлпәштің аштықтың қанды тырнағынан құтылып, бауыр еті баласы Қалижанды аштықтан алып қалудың қамын ойлап, Жұмағазы шалға тоқал болуға келісім бергенін түсінікті етеді.

Осы тақырыптағы жазушы Мұхтар Мағауиннің «Бір уыс бидай» әңгімесі — 1931–1933 ашаршылық жылдарындағы бір отбасының трагедиясы арқылы тұтас ұлттың қасіретін көрсетуді мақсат етеді. Мұнда да басты кейіпкер — әйел. *«Бұл өзі қаусаған кәрі кемпір еді. Еріндері қарайып тобарсыған. Бүкіл өмірін азаппен өткізгендігінің куәсіндей айқыш-ұйқыш әжім басқан беті шаң топырақ пен қауыздың үгінділерінен көрінбейді. Бірақ арып еті қашқан шығыңқы бет сүйектері мен шүңірейіп ішіне кіріп кеткен жанарсыз көздері оның өмір бойы көрген бейнетінің бәрін де осы соңғы*

бірнеше күннің азабы басып кеткенін аңғартқандай... Бетін сипады. Қайта сипады. Кепкен тері. Қу сүйек. Үңірейген көз. «Көлденең біреу түрімді көрсе, мені қырықта деп қалай айтар...» [7; 6] деп берілген портреттік сипаттауда Алмажанның отыздан енді асқан жан екендігінен ешқандай белгі де жоқ. Бүгін қазақ халқының басына түскен қалың қасіреттің салдарын автор осы бір өмірден рақат көрмеген шынашақтай әйелдің портретіне сыйғыза білген.

«...Алмажан оқыс қармалап, кимешегінің етегіндегі түйіншекті дірілдеген саусақтарымен шешіп, қолына алып еді, бидайы бір-ақ уыс болды... Алмажан қолындағы бір уыс бидайын кимешегінің етегіне қайтадан түйіп алмақ болып ыңғайлана бергені сол еді, Бақанастың басынан бір топ кісі көрінді. Өңшең сәйгүлік мінген, жүрістері суық... Кеңеу нәшәндігі Шупин екен. Қасында белсенді Қағазтай, мілісә Арқатбай және мылтығы шошайған тағы үш-төрт орысы бар. «Мынау халық жауының қатыны қырманнан астық ұрлап жүр!» — деді атынан секіріп түскен Қағазтай. — Қабың қайда? Көрсет!» ... Бірақ бір уыс бидай жұмылған алақан ашылмады. Тарамыс саусақтар тас болып қатып қалыпты. Қалай жұлқыласа да болмады...» [7; 7]. Алмажан өлемін деп қорықпай, ақтық демі қалғанша алақанындағы бір уыс бидайын бермей, өлімді қарсы алады. Новелладағы бірнеше шолақ белсенділерге қайсарлықпен көнбеген әйелдің бейнесі оқырманға ерекше әсер етеді. Алмажанның тағдыры сол зұлмат жылдарында баласын қалай да тірі қалдырамын деп, бір уыс бидай жолында жан ұшырған бүкіл қазақ әйелдерінің басында болса керек.

Кеңестің қолдан жасаған аштық жылдарында қазақ халқына жасаған зұлымдығы соншалық тіпті 1932 жылы 7 тамызда «Социалистік мүлікті ұрлаған, талан-тараж еткендерді қылмыстық жауапкершілікке тарту» туралы заң шығарады. Нұрбек Бекбаудың «Ғаламда болмаған геноцид» деген мақаласында «Осы баппен одақ көлемінде 125 мың адам масақ тергені үшін, жүк көліктерінен кішігірім төгіліп қалған бидайды жинағаны үшін түрмеге қамалып, оның 5400-і атылды. Осы бидай масағын терем деп, түрмеге түсіп, атылып кеткендердің дені — қазақ әйелдері еді... «Қалаға кіргізбендер!» Қорадағы бүкіл малын Совет үкіметі тартып алған соң, ауылдағы ағайын қалаларға ағылды» деп көрсетілген [8].

Тура осы көрініс біз талдап отырған М. Мағауиннің «Бір уыс бидай» әңгімесінде айдан анық берілген: «Түйелерің жайылып жүрген далаларыңа кетіңдер!» Дүние-ай! Кетер еді-ау, сол далаға, тіпті, бұрын құбыжықтай көретін жат халық жайлаған қаланың маңынан жүрмес еді ғой, кешегі күні болса! Қазан-қазан асылған семіз бағлан қайда, сапырулы сары қымыз қайда? Дала! Саған оң аяғы, үсті-басы күл-топырақ, арық қарақайыс түйенің өзі де көрік береді екен ғой! Сол далада бүгін жайылып жүрген түйе түгілі, ін аузында кешкілікте шақылдап отыратын саршұнақты да көрмейсің. Ініне су құйып, тұзақ құрып ұстап алып, оларды да жеп тауысқан» [7; 10]. Қарап отырсақ, қазақ өмірін суреттеген сұмдық шығарма. Бір уыс бидай, бір үзім нанға зар болған сол нәубет жылдар туралы оқығанда, естігенде, бүгінгі күнге, бүгінгі баршылыққа, тоқшылыққа сансыз шүкір дейсің.

Осы жерде айта кететін жайт: Мұхтар Мағауиннің «Бір уыс бидай» әңгімесінің желісімен қысқаметражды фильмі түсіріліп, көрерменге жол тартты. Фильм авторлары Серік Әбікенұлы, Данияр Мұстафаев. Әрине режиссерлер әңгіменің фабуласын негізге алғанымен, өзіндік көркем жаңаша шешіммен, өзгеріспен сомдаған.

Жазушы Жанболат Башардың «Қабір үстіндегі зұлмат» атты повесі де жоғарыда талданған шығармаларды толықтыра түседі. Мұнда аштықтан бұралған қазақ халқы ауылдарынан нәр таба алмаған соң қалаға қарай шұбырғаны, алайда жергілікті кеңес жандайшаптары оларды қалаға кіргізбек, ашықтан ашық өлімге итермелегені былай суреттеледі. «Аштықтан жан сауғалаған ауыл қазақтары «көлге жетсек, балық жесек те өлмеспіз» деп шұбырып, жол-жөнекей ашық аспан астында аштан, кебінсіз, көмусіз қалды. «Көлден балық аулап жейміз» деген қыр қазағы су жағасында жайрап жатты... Болашақ өндіріске іргелес жатқан ауылдардан жан-сақтауға ағылған қисапсыз қазақ үшін Балқаш құрылысы: ақтық үміт, соңғы таяныш еді. Мұқым ел Балқаш құрылысынан пана іздеп, көкше көлді бетке алып, жүздеген шақырымдық шөлді кесіп өте алмай, сүйегі шашылып жолда қалды... Аштыққа ұрынған қазақтарды мұнда күтіп отырған ешкім жоқ... Бұлар Өтайдың қамқорлығы арқасында ажалдан сәл де болса алыстағанымен, әлі де тұрақ таба алмай тентіреп жүрді. Асханаларды төңіректеді, «солар күресінге бірдеме төге ме, төге қалса содан нәпақа табыла ма?» деген құнсыз үміт. Келесі күні Елхан анасы екеуі көл жағалап «толқын шығарып тастайды-ау» деген балықты аңдыды... Ертеңінде Елхан кешегі нан таратқан жерге келді. Күн ілгерідегі құжынаған адам жоқ. Сап тыйылған. Не деген жауыздар?! Аштарға көмектескен болып оларды улап өлтіргендері бала санасына сыяр емес. Жүрегі қан жылады. Әлгі

*тірсегі-тірсегіне соғылып, аш-жалаңаш жүрген балалардың бірі де қалмаған, түгел тегін таратқан ақ нанды жеп көз жұмғанын білді. Бұдан өткен зұлымдық болар ма?! Бала Елхан мұның сырын түсіне алмады. Кейін де ол осы жағдайды жиі есіне алып, ойына түскен сайын еңсесін жаншыған ауыр мұңға батып, жүрегі жылап тұратын. Қаршадайынан осындай аяусыз қиянатты көрген ол, қалай да мына зұлматтан тірі қалсам деген жалғыз тілекті ойынан шығарған емес. Әзірге қасында анасы бар» [9; 55–73]. Шығармадағы оқиға нені меңзеп тұр?!*

Бала Елхан образы зобалаң жылдардағы бүкіл қазақ балаларының прототипі сияқты.

Қазақтың классик жазушысы 1932 жылы Ғабит Мүсірепов төрт жолдасымен бірге крайкомға ұжымдастырудағы асыра сілтеулер туралы хат жазғаны бәрімізге белгілі. Әрине олардың бәріне ұлтшылдар деп айып таққан екен. «Егер сен өз халқың үшін уайым жеп жүрсең, Торғайға барып, онда аштық жоқ екеніне көзінді жеткіз», — деп оған Голощекин күліпті.

Осы жайында В. Михайловтың «Ғаламат жұт шежіресінде» қазақтың классигі Ғабит Мүсіреповтің өз басынан өткізген оқиғаны баяндайтын естелігі берілген. Ғабит Мүсірепов — қар астында адамдардың өліктерін, қатар-қатар жатқан мәйіт үйінділерін өз көзімен көрген адам. Жан-жағы өлі адамдар, ол осы күнге дейін бұдан асқан қорқынышты көрмеген екен: көз алдында мүлдем бос ауылдар, еш жерде тірі жан жоқ. «Ақ қардың үстіндегі ақ шаңқан киіз үйлердің өлі қаласы ғана». Ғабит бір киіз үйге, екіншісіне кірсе, бәрі орнында, бірақ адамдар жоқ. Өмір бір сәтте тоқтаған сияқты, ал адамдар бір мезетте жоғалып кеткендей. Мүсіреповтің көзіне ерекше бай алты қанатты киіз үй түседі. Қасындағы серіктестерімен үйдің ішін мұқият қарайды... Сол үйде жалғыз аман қалған тіршіліктің түрін былай сипаттайды: «*Ұзын шаптары қанға бітіп мұз қырау сияқты түйдектелген, қап-қара екі аяғы сидиган, қара қарғаның мүйіз аяқтарына ұқсайды. Екі көзі есі жоқ бейнені танытады, екі беті қанға боялған, ернінен жас қанның ағып тұрған ізі көрінеді. Ақсиган тістерін жыртқышқа ұқсатады, аузында көбікті қан. Заре-құты қалмаған төртеуі де бір сәт мелишип тұрып қалады да, алды артына қарамай қаша жөнеледі. Артына бұрылған кезде жаңағы жәндік гайып болып кетіпті*». Көрген жеті-сегіз жастағы қазақ қызын «*Бұл аштықтың көзі болды! Аштықтың қарғысы...*» деп Мүсірепов айқайлап жіберген көрінеді [2; 11].

*Бұл естелікті оқып отырған адам өзін бір жантүршігерлік, қорқынышты фильм көріп отырғандай сезінетін шығар.*

*Осы тәріздес ата-анасынан айырылған балалардың өмірі, көрген қиыншылығы аштық жайлаған Украина, Поволжье жерлеріндегі балалар тағдырымен ұқсас екені даусыз. Аштан қайтыс болғандардың соңында көбіне балалар қалып қойған, өйткені аналар қолдарынан келгеннің бәрін беруге тырысқан. Тулақты қазанға қайнатып, баласының көңілін жұбатқан қайран ананы көптеген шығармалардан көруге болады. Бұл нәубет кезінде балаларын көтеріп жүруге әлі қалмаған ана, киіз үйдің ортасына «шөлдесе балам ішер» деген үмітпен су қойып, есігін сырықпен тіреп, көз жасы көл болып, әрең ілбіп, жұрт соңынан ереді, оның көзінен жас емес қан аққандай еді, міне, ашаршылық қасіреті... Әдетте, өмірдің барлық қасіреттері, ең алдымен, ең қорғансыз адамдарға, негізінен балаларға әсер етеді. Көшедегі балалар проблемасы тарихтың әртүрлі кезеңдерінде, ең алдымен аштық, эпидемия, соғыс және басқа да ауыр апаттар кезінде ерекше өткір болды.*

Ал жазушы Б. Қыдырбекұлының «Алатау» романында балалардың ауыр жағдайлары былай аянышты берілген:

*«Көршісіне де кірдік. Бұл қасқыр етіне таласқан Берікқұлдың үйі. Ол жалғыз басты жігіт еді. Ол да төрі алдында жатыр. Жансыз. Жаңағы иіс осы Берікқұл үйінде де бар. Шамасы менің жобам дұрыс. Осылай тоғыз үйге кірдік. Бір де бірінде тірі адам жоқ... Он екі жасар қыз бұрышта бүрісіп отыр. Зорға сөйлейді. Қазанда бірдеме қайнап жатыр...*

*— Нұрқалық аға! Әкем кеше өлді. Қасқырдың етін жеді. Жеме десем болмады. Одан да мына жоңышқаны жеу керек еді, — дейді. — Көме алмай отырмын. — Не істеу керек? Басқа түссе баспақишыл деген осы. Кәмелетке жетпеген бала өлікпен бір үйде жатқан. Қалай ғана шыдарсың мұндай сұмдыққа! Қара жер қалай қарс айрылмай, осындай пәлені бізге көрсетіп тұр. Бала жыламсырады. Жылай алмады. Кемсеңдеді де қойды. Аузы да икемге келмейді. Бұл кіргеніміз он төртінші үй. Он төрт үйде жалғыз он екі жасар қыз қалыпты.*

*... Сүйегіне ілініп тұрған баланың көзі аларып кеткен, бірдеме сұрауға да мұршасы жоқтай. Жалбырап, жалдырап бізге телмірді де тұрды. Мойыны ырғайдай. Ол қылдырықтай мойын анау қара бұйра бөрікті басты қалай көтеріп тұр екен. Әйтеуір дене, аяқ-қол киім ішінде болғандықтан жүдеулігі көрінбейді. Суықтан болса да, аштықтан болса да баланың ауызы сөйлеуге келмейді.*

*— Ағ, — деді бала, аяғындағы «а» ны айта алмады. — На..*

*Мырзалин орнынан үш тұрып, үш отырды. Шыдамай кетті.*

Қолын артына ұстап түк көрінбей тұрған қыраулы терезеден тысқа қараған болады. Тыста не бар оған, мына баланың жағдайын көріп шыдай алмай тұр. Бала бір кезде бар күшін жинап бір сөз айтты: – Аға-тай-лар! Ағ...

Мырзалиннің аяғы тыпырлап, едені жоқ, топырақ табанды тесіп жібере жаздады. Жерді теуіп-теуіп қалды. Немізді береміз. Өзімізде екі-үш күн аш едік. Мұндайда қалтаңа қолыңды салып жіберіп, ең болмаса бір тілім нан алып, «мә, байқұсым, жей қойшы!» десең. Ой, шіркін-ай, ондай күнде болар ма екен. Осыларды ойлап жаным шыдамай, не істерімді білмей, өз маңдайыма өзімнің қойып қалғанымды бір-ақ білдім. Жұдырығым жұмылып столға соғылды. Бала қайта бірдеме демек еді, ауызы келмей кеңсеге құлап-ақ түсті...

Аш көзді, арық кара баланы жерден көтеріп, ұзын отырғышқа шалқасынан салып қойдым. Бала кеңсеге соңғы күшін жинап, ақырғы демін тартып, ақтық сөзін айта, көзін сата келген екен ғой. Қайтеміз, көмектесе алмадық. Арықтың жағасын жарып шығып, жаңа бас көтерген жас шыбық қыршын үзіліп кетті, бырт сынып мерт болды. Ой, шіркін, қатыгез дүние десеңші! [10].

Сонымен бірге ашаршылық қазақ даласында қылмыстың өсуіне алып келді. Аштық адамдарды тек өлімге ғана әкелмейді, ол адамдарды ақыл-есінен айырады. Мұндай аштық көріністерінің бірі — адам жегіштік. Бұл — аштықтың сөзсіз серігі. Қай уақыт болмасын моралдық тұрғыдан әлсіз адамдар үнемі кездесіп отырады, олар бір сәтте адамдық қасиетін жоғалтып, хайуандық санатқа өтеді. Өкінішке орай, каннибализм қазақ даласына да келді. Біз мұндай жайтты жазушы Ж. Башардың жоғарыда аталған повесінде кездестіреміз: «Дәл осы сәтте қайдан тап болғаны белгісіз, қайыстай қатқан тапал кара кісі әлгілерге сайтандай сақ ете қалғаны. Келе сала еңкейіп су ішіп жатқан жастау әйелдің жауырын ортасынан бір тізесімен сылқ еткізіп басып қалды... сайтан-адам әйелдің басын суға батырып, тұншықтырып тастады. Ол болса жанталаса жұлқынып, аяғы тыпырлап, басын судан шығара алмай көпке дейін бұлқынып жатты. Онсыз да аштықтан дымы құрып келе жатқан сорлы әйел ақыры қанды қол қарақшының уысында қала берді. Бұл — ашаршылық жылы аштықтан әлі кетіп, қарыс жерге жете алмай арыған адамдарды тұншықтырып өлтіріп, етін жеп жүрген Құныс қорқау еді. Бұл тажалдың тажал екенін кейінгі жұрт естіп-білсе де оған тік келген жан болмады. «Кісі етін жегеннен кісі қорқады» деген содан қалған» [9; 68].

Жоғарыда талданған Б. Қыдырбекұлының «Алатау» романында мынандай дерек бар:

«Екеуіміз қашқынды қуа жөнелдік. Нұрқалық жете беріп көкжелкеден бірді отырғызды. Анау етпетінен кетті де, тұруға қарманды. Нұрқалық үстіне міне түсті. Тағы да әлін кетіру үшін болар, оның басын желкесінен көтеріп, жерге соғып-соғып жіберді. Мен де жүгіріп олардың жанына жеттім.

– Бұл иттің баласын бес-алты күннен бері андып ұстай алмай жүр едім. Дода сіләнінде өлгендердің сан етін кесіп әкетті. Сіздерге айтпап едім, әдейі. — Нұрқалық алқынып отырып айтты, бұларды. Сөйтсек осындай біреудің пайда болғанына бірнеше күн болған екен. Еті көп арымай өлгендердің күнде сан еті кесіліп қалып жүреді. Абұйыр сақтап, өлген адамға жаман атақ келтірмеу үшін жергілікті адамдар мұны тіпті бәрі көріп тұрып, біріне-бірі айта алмай ішінен тынады. Мұның кім екенін де білмейді, алдымен мысық ойып жеп қойды деп жүреді жұрт. Бірақ адам еті пышақпен кесілгендігі белгілі болады. Содан кімнен көрерін білмейді. Сөйтсе осыдан екі күн бұрын Дода сіләнінде өлген Көмекбай үйінен таңға жуық біреудің өзенге қарай жүгіріп бара жатқанын көреді, тұрғындар. Оның да сан еті кесіліп қалады» [10].

Жоғарыда келтірілген үзінділерден байқап отырсақ, аштыққа ұрынған адам ақыл-санасынан ада-сып, адам бейнесінен, кісілік келбетінен кетіп, жан төзгісіз жағдайға жетеді екен. Қан қақсаған халық, ауылда үрерге ит қалмаған, мысыққа шейін сойып жеп қойған. Судан тышқан ұстап қуанған есі ауысқан пенде!!!

Келесі бір жерде Б. Қыдырбекұлы кейіпкерінің аузына мынандай сөз салады: «... Осы ашаршылық жылдары, інім, мен ислам дінінің пайғамбары Мұхамедке қатты ренжідім. Оның діні бізге майы сере қарыс, ұшасы ұшандай жайылып жатқан шошқаны жегізбей қойды. Ал бұл жағынан алғанда Будда діні барлық діннен артық па деп қаламын. Оларда тамақтан өткеннің бәрін жеу керек. Гажап емес пе! Егер жасынан орыстарға ұқсап тасбақа, француздарға ұқсап көлбақа, қытайларға ұқсап жылан жесе, біздің қазағымыз қырылар ма еді. «Ораза, намаз тоқтықта, иман кетер жоқтықта!» Қандай дұрыс айтылған сөз. Ас адамның арқауы болса онда жоқшылықта бәрін де жеуге болады ғой деп ойлаймын. Өйткені ішінен ас кеткен соң кісі кеңкііп, адам кейпінен шығып қалады екен ғой, інім. Адам «миы өсіп жетілген жоғары сатыдағы хайуан» екеніне ашықтырып көрсең көзің әбден жетеді. Ашықса ол да хайуан болады да қалады. Біздің халқымызда «Бір күн тамақ ішпегеннен қырық

күн ақыл сұрама» деген мақал бар. Мен бұдан артық дүниеде данышпандық сөз бар дегенге сенбеймін, сене алмаймын. Дүниенің арқауы тамақ екенін маған отыз екінші, отыз үшінші жыл айқын дәлелдеп берді. Ашыққанда мұсылмандығың жолбарыс көрген қасқырдай құйрығын бұтына қысып жымып кетеді екен.

Мен тасбақа жеген қазақтарды көрдім. Өліп бара жатқан соң жемегенде қайтеді. Көктемде төбе-төбеге жайылып кеткен қазақтардың ішінен ондайларды кездестірдім. Дұрыс істеді деп ойлаймын, інім. «Оны жегенше аштан адам қалпыммен өлгенім жақсы» деп отырсың, ә, інім. Оның дұрыс емес және ол кебеже қарын, кең құрсақ кездегі сөз.

... Өлмеудің сан жолы бар екен ғой, інім. Қазақтар Голощекиннің қолдан жасаған селебесіне қарсы осының бәрін қолдануы керек еді. Пысықтау қазақтардың шілге тұзақ құрып жүргенін көрдім. Бірақ ол елдің бәрінің қолынан келе ме. Қолына өзі келіп түсіп тұрған тасбақаны жемеген қазаққа кейде өлмесең өме қап дегің де келеді. Қап, шіркін-ай, десеңші!» [10]. Бұл жерде кейіпкердің ойынан сол кездегі аш адамның діни-нанымы деген өзгерген көзқарасын да көреміз.

Аштық кезінде өмір сүру үшін кейбір адамдар аса қатыгездікке баруға мәжбүр болатындығы, аш адамның пейілінің өзгергендігі жазушы М. Мағауиннің жоғарыда талданған шығармалардағы мына сөйлемдерінен-ақ байқауға болады: «Бұл ауылда отырғандардың бірсыпырасы-ақ өлмелі кедей, бәрі де «шықпа, жаным, шықпа» деп отырған секілді. Бұрынғыдай ауысып тамақ беру абысын-ажын арасынан кеміп кетті. Шағын тамақтың үстіне біреу келсе, кірпік шешендей жиырылатынды шығарды» [6]. Өшейіндегі қазақ бойындағы қонақжайлықтың иісі де білінбейді емес пе!

Жазушылардың ашаршылыққа байланысты жазғанын оқып отырсақ, бір жоқтау жанрындағы шығарманы оқып отырғандай сезім қалады. Мәселен, Ж. Башардың повесінде «жылау» деген сөз 68 рет кездеседі екен. Осы «жылау» сөзі жазушы Б. Жандосайдың «Шошқаның құмы» деген шежіре-романында да көрініс тапқан: «Шыңғырып жылағанда, сай жаңғырық атып, күңіреніп кетті. (Біреуінің әкесі мен ағалары, біреуінің сүйген жары опат болып тұр ғой). Мен таудың басына шығып кеттім. Сай жаңғырып, тұтас бір ру ел жыласып жатқан сияқты тау басынан естілетін» [11]. Иә, бұл көрініс, бұл жылау, бұл зарлау — зұлмат, зобалаң жылдардың айқын символы екені даусыз.

#### Қорытынды

Сонымен, мақаланың өзегі болған жоғарыда талдаған шығармалардан байқағанымыз, қазақ жерінде орын алған нәубет кезеңі қазақ халқының басынан өткен ең ауыр зардаптарының бірі болды. Қазақ жеріндегі XX ғасырдың 1920–30-шы жылдарындағы аштық проблемасы отандық жазушылар мен ғалымдарымыздың еңбектерінде нақты көрініс табуы әрі қарай жалғасын табуда. Яғни, әлі де зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі ретінде күн тәртібінде тұр.

Әдебиет — дәуірдің, оқиғаның дәлелі. Бірақ уақыт өте келе ол қайта ойлау мен түсіндіру әдісіне айналады. Қазақ ақын-жазушылары бұл қайғы-қасіретке ешқашан бей-жай қарамаған, ашаршылық көптеген көркем шығармаларының тақырыбына айналып жатыр.

Әдебиет алдында әрдайым қойылатын басты шарт — ол өз уақытына лайықты сипатқа ие болуы керек. Көркем шығарма оқырманға рухани әсер етеді, оның білімін, көркемдік мұраттарын көрсететін айна әсерін жасайды. Бәрінен бұрын есте сақталатын жалпы қағида — өткеннің тәжірибесін білмей, жаңасын жасау мүмкін емес. Сондықтан өткен тарихымыздағы осы нәубетті біз үнемі есте сақтап, келесі ұрпақтарымыздың мұндай зұлматты басынан кешпеу үшін ашаршылық туралы бар шындықты ашуымыз — қазіргі біздің міндетіміз деп ойлаймыз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Дулатбеков Н.О. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні туралы депутаттық сауал [Электрондық ресурс] / Н.О. Дулатбеков. — Қол жеткізу режимі: <https://www.parlam.kz/kk/blogs/dulatbekov/Details/0/70410> (Анықтама күні: 03.03.2021).
- 2 Михайлов В. Ғаламат жұт шежіресі: деректі хикаят / В. Михайлов. — Алматы: Мектеп, 2013. — 296 б.
- 3 Судьба писателя — судьба эпохи. Смагулу Елубаеву — 70 лет [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://qazaquni.kz/adebiet/67296-sudba-pisatelya-sudba-уерокhi-smagu> (Дата обращения: 10.04.2021).
- 4 Сағындықұлы Е. Жұртымыздың жартысын жалмаған [Электрондық ресурс] / Е. Сағындықұлы. — Қол жеткізу режимі: <https://old.elorda.info/kk/analytics/view/1921-1933-ghyldardagy-asharshylyk-kazaktyn-osimin-bir-gasyrga-teghedi> (Анықтама күні: 14.05.2021).

- 5 Бауыржан Момышұлы. Қазақ халқының қаһарман перзенті, жазушы Бауыржан Момышұлына арналады. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы / Құраст. Н.Қ. Қосаева. — Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2011. — 382 б.
- 6 Майлин Б. Таңдамалы / Б. Майлин. — Алматы: Жазушы, 1977. — 543 б.
- 7 Мағауин М. Шығармалар жинағы: 1960–2002 ж. [13 томдық] 1-том. Әуелгі әңгімелер / М. Мағауин. — Алматы: Қағанат — ГМО баспасы, 2002. 1960–1973. — 549 б.
- 8 Бекбау Н. Ғаламда болмаған геноцид [Электрондық ресурс] / Н. Бекбау. — Қол жеткізу режимі: <http://www.madenportal.kz/article/3531> (Анықтама күні: 15.05.2021).
- 9 Башар Ж. Қабір үстіндегі зұлмат: Повесть, әңгімелер жинағы / Ж. Башар. — Астана: Профи Медиа, 2016. — 256 б.
- 10 Қыдырбекұлы Б. Алатау [Электрондық ресурс] / Б. Қыдырбекұлы. — Қол жеткізу режимі: <https://kitap.kz/book/alatauguma> (Анықтама күні: 20.05.2021).
- 11 Жандосай Б. Шошқаның құмы [Электрондық ресурс] / Б. Жандосай. — Қол жеткізу режимі: <https://almaty-akshamy.kz/shosh-any-mu-shezhiire-tomannan-zindi/> (Анықтама күні: 20.05.2021).

Ж.Ж. Ибраимова

### Тема голода в казахской прозе

В статье изучена проблема голода в 1920–30-е гг. XX века в Казахстане, которая нашла отражение в произведениях казахских писателей. Исследование проводилось на материале творчества Ж. Аймауытова, Б. Майлина, Н. Ахметбекова, Н. Баймуратова, Ж. Сыздыкова. Как известно, говорить о голоде было категорически запрещено, потому писатели, обращавшиеся к этой теме, были признаны «врагами народа» и подвергнуты репрессиям. Только к концу распада СССР стали освещаться труды казахских писателей. Постепенно правда о трагедии дошла и до казахского народа. О голоде писали Г. Мусрепов, М. Мағауин, С. Жунусов, К. Жумадилов, Ш. Муртаза, К. Казыбаев, С. Елубай, З. Жакенов, Ж. Башар, Х. Сейткемелов, Б. Жандосай, М. Козыбаев, С. Лямбекулы. Авторами рассмотрены тонкости мастерства писателей в создании многогранного портрета людей той эпохи, особенности изображения жизни общества, атмосфера того времени. Проанализирована проблема голода в произведениях казахских писателей, осмыслена необходимость изучения этой исторической катастрофы. Обозначены перспективы исследования данной проблемы в литературоведении. Сделан вывод, что эти труды со временем станут методом переосмысления и интерпретации для будущего поколения.

*Ключевые слова:* тема голода, казахская проза, женский образ, казахская степь, историческая катастрофа.

Zh.Zh. Ibraimova

### The theme of famine in Kazakh prose

The article describes how the problem of hunger, which arose in the country in the 1920s-30s of the twentieth century, was reflected in the works of Kazakh writers. In this connection, such poets and writers as Zh. Aimauytov, B. Maylin, N. Akhmetbekov, N. Baymuratov, Zh. Syzdykov are immediately recalled. As it is known, it was strictly forbidden to talk about the famine, the writers who covered this topic were declared «enemies of the people» and subjected to repression. Only by the end of the collapse of the USSR the works of Kazakh writers began to be covered. Gradually, the truth about the tragedy reached the Kazakh people. G. Musrepov, M. Magauin, S. Zhunusov, K. Zhumadilov, Sh. Murtaza, K. Kazybayev, S. Elubay, Z. Zhakenov, Zh. Bashar, H. Seitkemelov, B. Zhandosay, M. Kozybayev, S. Lyambekuly wrote about the famine. In this article we will look at the subtleties of our writers' skill in creating a multi-faceted portrait of the people of that era, as they realistically describe the life of society, the atmosphere of that time. Novelty of the work includes the analysis of the problem of hunger in the works of Kazakh writers and the understanding of their general humanistic meaning. The works of writers who have touched on the topic of famine, in linguistics, and literary studies have yet to be studied. The author concludes that these works will eventually become a method of reinterpretation and interpretation for the future generation.

*Keywords:* the theme of famine, Kazakh prose, female image, Kazakh steppe, historical catastrophe.

## References

- 1 Dulatbekov, N.O. Saiasi qugyn-surgin zhane asharshylyq qurbandaryn eske alu kuni turaly deputattyq saual [Deputy inquiry on the Day of Remembrance of the Victims of Political Repression and Famine]. *parlam.kz*. Retrieved from <http://www.parlam.kz/kk/blogs/dulatbekov/Details/0/70410> [in Kazakh].
- 2 Mikhailov, V. (2013). *Galamat zhut shezhiresi: derekti khikaiat [The Chronicle of the Great Jute: a documentary story]*. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 3 Sudba pisatelia — sudba epokhi. Smagulu Elubaevu — 70 let [The fate of a writer is the fate of an era. Smagul Elubaev is 70 years old]. *qazaquni.kz*. Retrieved from <http://qazaquni.kz/adebiet/67296-sudba-pisatelya-sudba-yepokhi-smagu> [in Russian].
- 4 Sagyndykuly, E. (2021). Zhurtymyzydyn zhartysyn zhalmagan [He devoured half of us]. *old.elorda.info*. Retrieved from <http://old.elorda.info/kk/analytics/view/1921-1933-ghyldardagy-asharshylyk-kazaktyn-osimin-bir-gasyrga-teghedi> [in Kazakh].
- 5 Qosaeva, N.K. (Eds.). (2011). *Bauyrzhan Momyshuly: Qazaq khalqynyn qaharman perzenti, zhazushy Bauyrzhan Momyshulyna arnalady [Bauyrzhan Momyshuly: Dedicated to the heroic son of the Kazakh people, writer Bauyrzhan Momyshuly]*. Almaty: Ortalyq gylymi kitapkhana [in Kazakh].
- 6 Mailin, B. (1977). *Tandamaly [Selected works]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 7 Magauin, M. (2002). Shygarmalar zhinagy 1960–2002 zh. [Collection of works: 1960–2002]. (Vols: 1-13; Vol. 1) Early stories. Almaty: Qaganat — GMO baspasy [in Kazakh].
- 8 Bekbau, N. Galamda bolmagan genotsid [Genocide that did not exist in the universe]. *madeniportal.kz*. Retrieved from <http://www.madeniportal.kz/article/3531> [in Kazakh].
- 9 Bashar, Zh. (2016). *Qabir ustindegi zulmat: Povest, angimeler zhinagy [Darkness over the grave: A story, a collection of stories]*. Astana: Profi Media [in Kazakh].
- 10 Kydyrbekuly, B. (2021). *Alatau [Alatau]*. Retrieved from <https://kitap.kz/book/alatau-guma> [in Kazakh].
- 11 Zhandosai, B. (2021). *Shoshqanyn qumy [Pig sand]*. Retrieved from <https://almaty-akshamy.kz/shosh-any-my-shezhire-romannan-zindi/> [in Kazakh].